**Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің бірыңғай шарттары туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы Келісімге толықтырулар хаттаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 23 қазандағы N 90-II Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.

Мәскеуде 1999 жылғы 26 қазанда жасалған Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы транзиттің бірыңғай шарттары туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы Келісімге толықтырулар туралы хаттама бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Бейресми аударма

**Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің бірыңғай шарттары туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы Келісімге толықтырулар туралы**
**Х А Т Т А М А**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, 1998 жылғы 22 қаңтардағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің бірыңғай шарттары туралы Келісімнің қатысушылары болып табылатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

1998 жылғы 22 қаңтардағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің бірыңғай шарттары туралы Келісімнің 11-бабын негізге ала отырып,

1998 жылғы 22 қаңтардағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің бірыңғай шарттары туралы Келісімнің 7-бабын назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті.

**1 - б а п**

Тараптар өзара келісу бойынша тауарлардың кейбір санаттарын өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзитпен тасымалдауға шектеулер белгілеуге, оның ішінде мұндай тауарларды тасымалдауға жол берілетін өткізу пункттерінің тізбесін анықтауға құқылы.

## 2 - б а п

1998 жылғы 22 қаңтардағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің бірыңғай шарттары туралы Келісімнің 3 және 4-баптарында белгіленген жағдайларда этил спиртін (ТМД СЭҚ ТН бойынша кодтары 2207 10 000, 2207 20 000, 2208 90 910, 2208 90 990) Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы темір жол көлігімен ғана тасымалдауға жол беріледі.

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарына этил спиртін шеттен әкелу айқындалған өткізу пункттері арқылы темір жол немесе теңіз көлігімен, соның ішінде аралас ( өзен-теңіз) жүзу кемелерімен ғана жүргізіледі.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің арасында тікелей темір жол қатынасы болмаған жағдайда Тараптар өзара келісу бойынша екі жақты немесе көп жақты уағдаластықтардың негізінде осы Хаттаманың ережелерінен өзгеше, этил спиртін тасымалдау ережелерін белгілей алады.

## 3 - б а п

Тараптардың әрқайсысы Интеграциялық Комитетке этил спиртін тасымалдауға жол берілетін өткізу пункттерінің тізбесін тапсырады. Осы тізбе Интеграциялық Комитет шығаратын, интеграцияны дамыту бюллетенінде жариялануға жатады.

## 4 - б а п

Тараптар осы Хаттама белгіленген шарттарды бұзумен тасымалданатын этил спиртін өз мемлекеттерінің аумақтарына өткізуден бас тартуға немесе оларға өзінің ұлттық заңдарына сәйкес шаралар қолдануға құқылы.

## 5 - б а п

Осы Хаттама 1998 жылғы 22 қаңтардағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің бірыңғай шарттары туралы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 6 - б а п

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап, ал мемлекетішілік рәсімдерді жүзеге асыруы қажет мемлекеттер үшін тиісті хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсыру сәтінен бастап күшіне енеді.

**7 - б а п**

Осы Хаттама оған қол қойылған күнінен бастап бір жыл ішінде қолданыста болады және келесі жылға өздігінен ұзартылады.

Тараптардың әрқайсысының осы Хаттамаға сәйкес қабылданған өз міндеттемелерін алдын ала реттей отырып, шығудан кемінде үш ай бұрын өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Хаттамадан шығуға құқығы бар.

1999 жылғы 26 қазанда Мәскеу қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды .

Түпнұсқа дана әр Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін Интеграциялық Комитетте сақталады.

*Беларусь Республикасы Үкіметінің атынан*

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан*

*Қырғыз Республикасы Үкіметінің атынан*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасы Үкіметінің атынан*

**Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы транзиттің бірыңғай шарттары туралы**
**К Е Л І С І М**

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі, бұдан әрі Тараптар деп аталатын,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 1995 жылғы 10 ақпандағы Кедендік заңдары негіздерін назарға ала отырып,

өздерінің транзит еркіндігі қағидаларын ұстанатындығын растай отырып,

барлық көлік түрлерімен халықаралық тасымалдарды, осы Келісімге қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық мүдделеріне залалсыз, кедендік рәсімдерді үйлесімді қылу және бірдейлендіру жолымен жеңілдетудің қажеттігін мойындап,

тасымалдар жағдайының жақсаруы ынтымақтастықты дамытудың маңызды факторларының бірі болып табылады деп есептей отырып,

1995 жылғы Кеден одағы туралы келісімдерде бекітілген қағидаларды растай отырып,

төмендегі жөнінде келісті:

**1-бап**

Осы Келісімде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 1995 жылғы 10 ақпандағы Кедендік заңдары негіздеріне сәйкес анықталатын атаулар пайдаланылады.

**2-бап**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағы арқылы өткізілетін тауарлар:
- табиғи тозу не болмаса тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайларында кему салдарынан басқада, бір күйде қалуы;
- транзиттен басқа ешқандай мақсаттарға пайдаланылмауы;
- жеткізілетін кеден органына көлік құралының мүмкіншіліктерінен, белгіленген маршруттан және тасымалдың басқа жағдайларынан шыға отырып, жіберетін кеден органымен белгіленген, бірақ бір айда екі мың шақырым есеппен анықталатын шекті мерзімнен аспайтын, мерзімдерде жеткізілуі тиіс.

**3-бап**

Тауарлар, сондай-ақ осы Бапта көрсетілген тауарларды (бұдан әрі - транзиттік тауарлар) тасымалдайтын көлік құралдары:

үшінші мемлекеттерден осы Келісімге қатысушы екінші мемлекеттің тіпті болмағанда бірінің аумағы арқылы осы Келісімге қатысушы кез келген мемлекеттің аумағына;

осы Келісімге қатысушы кез келген мемлекеттің аумағынан осы Келісімге қатысушы екінші мемлекеттің тіпті болмағанда бірінің аумағы арқылы үшінші мемлекеттерге;

осы Келісімге қатысушы бір мемлекеттен осы Келісімге қатысушы өзге мемлекеттің тіпті болмағанда бірінің аумағы арқылы осы Келісімге қатысушы екінші мемлекетке ауысуы кезінде осы Келісімге қатысушы болып табылатын транзит мемлекеттерінде кеден баждарын, салықтарды және кедендік ресімдеу үшін алымдарды төлеуден, сондай-ақ тауарларға экономикалық саясат шараларын қолданудан босатылады.

**4-бап**

Тараптардың Кеден органдары осы Келісімге қатысушы мемлекеттің тіпті

болмағанда бірінің аумағы арқылы осы Келісімге қатыспайтын мемлекеттер арасында орын ауыстыратын транзиттік тауарларға ұлттық заңдарды сақтауды қамтамасыз ету шараларын қолдануға құқықты.

### 5-бап

Осы Келісімнің 1 қосымшасында көрсетілген тауарларды кез келген Тараптың аумағы арқылы өткізуге тыйым салынады.

Осы Келісімнің 2 қосымшасында көрсетілген тауарлар, тасымалдау маршруты өтетін осы Келісімге қатысушы барлық мемлекеттердің уәкілетті органдарымен берілген транзитке рұқсаттары бар шартымен, осы Келісімге қатысушы кез келген мемлекеттің аумағы арқылы транзитке жіберіледі.

Тараптардың Кеден органдары тауарлар олардың мемлекеттерінің аумағы арқылы транзиті кезінде ұлттық кеден заңдарын қамтамасыз ету шараларын қолдануға құқықты.

### 6-бап

Транзитті қамтамасыз етуге қажетті құралдар мен қызмет көрсетулер тасымалдаушыларға транзит мемлекеттерінде өздерінің экспортшыларына, импортшыларына немесе тасымалдаушыларына ұсынылатын құралдар мен қызмет көрсетулерден кем емес жағдайларда ұсынылады.

### 7-бап

Транзиттік тауарлар мен оларды тасымалдайтын көлік құралдарының Кеден одағына қатысушы мемлекеттер шекараларынан өтуі, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің көлік саласындағы құзырлы органдарымен келісіліп, осы мемлекеттердің кеден органдарымен анықталатын орындарда рұқсат етіледі.

Тараптар кеден органдарына осы Келісімге қол қойылған уақыттан бастап үш айлық мерзімде транзиттік тауарлар мен оларды тасымалдайтын көлік құралдарының Кеден одағына қатысушы мемлекеттер шекараларынан белгіленген өту орындарының тізбесімен алмасуды тапсырады.

Осы Келісімге қатысушы кез келген мемлекеттің аумағымен тауарлардың транзиті, егер өзгесі осы мемлекеттің ұлттық заңдарымен белгіленбесе, кез келген маршруттармен және бағыттармен жүзеге асырылуы мүмкін.

### 8-бап

Транзиттік тауарларды басқа көлік құралдарына қайта тиеу, соның ішінде партияларды бөлшектеумен, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің кеден органдарымен әр жағдайда анықталатын орындарда жүргізіледі.

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің кеден органдары транзиттік тауарларды ажыратып білу құралдарын, сондай-ақ транзиттік тауарлар мен көлік құралдарын бақылауға қажетті құжаттарды өзара мойындайды. Тараптар өз мемлекеттерінің кеден органдарына үш айлық мерзімде транзиттік тауарларды ажыратып білу құралдарының, сондай-ақ транзиттік тауарлар мен көлік құралдарын бақылауға қажетті құжаттар үлгілерімен алмасуды тапсырады.

### 9-бап

Жойқын күш жағдайының болу себебінен транзиттің тоқтатылуы жағдайларында транзит тоқтатылған осы Келісімге қатысушы мемлекеттің ұлттық заңдарының нормаларымен белгіленген тәртіп қолданылады.

### 10-бап

Тараптар өздерінің орталық кеден органдарына осы Келісімге қол қойғаннан кейін үш айдың ішінде төменде аталған төртжақтық құжаттарды әзірлеуді және қабылдауды тапсырады:

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы кедендік бақылаумен тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеу тәртібі туралы ереже;

Кеден одағының кедендік тасымалдаушылары туралы ереже;

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында кедендік ілеспе туралы ереже;

Осы Баппен қарастырылған жұмыстарды үйлестіру Бірігу Комитетіне жүктеледі.

### 11-бап

Тараптар өзара келісіп осы Келісімге толықтырулар мен өзгертулер енгізуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалар мен қосымшалар түрінде ресімделетін болады.

### 12-бап

Осы Келісімді түсіндіру және қолдану кезіндегі дау-дамайлар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер жүргізу және кеңесулер жолымен, қажет етсе, оларды Бірігу Комитетінде, ал келісімді шешімге қол жетпесе, Мемлекетаралық Кеңестің жанындағы Үкімет басшыларының кеңесінде қараумен, шешілетін болады. Барлық

Тараптарға Үкімет басшылары кеңесінің шешімі қолдану үшін түпкілікті және міндетті болады.

**13-бап**

Осы Келісім Кеден одағы туралы келісімге қосылған, қосылуы кезіндегі осы Келісімнің пәрменді қағидаларын мойындайтын және оларды толық көлемде орындауға әзірлігін білдіретін кез келген мемлекетке оған қосылуы үшін ашық.

**14-бап**

Осы Келісім қол қойған күннен бастап уақытша қолданылады және Тараптар барлық қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындауы туралы соңғы мәлімдемені депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

**15-бап**

Кез келген Тараптың, осы Келісімге сәйкес қабылдаған өз міндеттемелерін алдын ала реттеп, шығуына дейін кемінде он екі ай бұрын өзінің ниеті туралы жазбаша мәлімдемені депозитарийге жолдап, осы Келісімнен шығуға құқығы бар.

1998 жылғы "22" қаңтарда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқалық данада жасалды.

Түпнұсқалық дана осы Келісімге қатысушы әрбір мемлекетке оның сендірілген көшірмесін жолдайтын бірігу Комитетінде сақталады.

*Беларусь Республикасы Қазақстан Республикасы Қырғыз Республикасы Үкіметі үшін Үкіметі үшін Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

Кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумағы арқылы жүкті алып өтудің біркелкі ережелері туралы Келісімге
N 1 қосымша

**Тасымалдауға тыйым салынған қауіпті қалдықтардың Тізімдемесі**

---

СЭҚ ТН бойынша | Қалдық түрлерінің аталуы | Базель Конвенциясының | Экономикалық Ынтымақтастық

| | | | |
|---|---|---|---|
| қалдық түрлерінің коды | | сыныптамасы бойынша қалдық түрінің коды | Жәнe даму ұйымының сыныптамасы бойынша қалдық түрінің коды |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 7019 90 | Асбест араласқан физика-химиялық сипаты бойынша ұқсас шыны талшықтарының қалдықтары | | RB 020** |
| 252400 | Асбест қалдықтары және тозаң | Y 36 | RB 010 |
| | Құрамында түсті металдар бар, өзге де тозаңдар: | Y 17 | |
| 810490000 | магний тозаңы | | |
| 810890000 | титан тозаңы | | |
| 811240900 | ванади тозаңы | | |
| 8539 | Істен шыққан сынап шамдары мен люминесцент түтіктері | Y 29 | |
| 262090 | Металл жыныстары: | | |
| | Марганецтің электролиттік қосарланған қышқылының өндірістен шыққан марганец жыныстары | | |
| 262090 | Күкірт қышқылы өндірісінен шыққан тұзды-сынап жыныстары | Y 25 | |

| | | |
|---|---|---|
| | Құрамында торий бар қалдықтар | |
| 284430550 | Химия-металлургия өндірісіндегі торийдің қалдықтары | |
| 262090 | Торийлі вольфрам өндірісінен қалған торийлі жыныстар | |
| | Осы өндіріске тән зиянды қоспалары бар қатты минералдық қалдықтар: | |
| 280480000 | Мышьяк мыс өндірісінің қоқысы | Y 24 |
| 280480000 | Мышьяк-калий қалайы өндірісінің қоқысы | Y 24 |
| 280480000 | Арсенат-кальций қорғасын өндірісінің қалдықтары | Y 24 |
| 262090100 | Гальваникалық, никельді жыныстар | |
| | Гальваникалық жыныстар: | |
| 2837 | Цианитті жыныстар | Y 33 |
| 2819 | құрамында хром бар жыныстар | Y 21 |
| 262030000 | құрамында мыс бар жыныстар | Y 22 |
| 262019000 | құрамында мырыш бар жыныстар | Y 23 |
| 262090990 | құрамында кобальт бар жыныстар | |
| 262090990 | құрамында кадмий бар жыныстар | Y 26 |
| 262090100 | Құрамында қорғасынның, никельдің гидроқышқылдары бар жыныстар | Y 31 |

| | | |
|---|---|---|
| 262020000 | Құрамында: | |
| | кадмийді | Y 26 |
| | никельді | |
| | хромды | Y 21 |
| | қалайыны | |
| | қорғасынды | Y 31 |
| | ванадиді | |
| | мысты қамтитын басқа да ауыр металдардың қалдықтары | Y 22 |
| 291539 | Ацетофенон араласқан хлорлы алюминий қалдықтары | Y 15 |
| 281420000 | Мысты күйдіруге қажетті (ұқсатылған) аммиак ерітінділері | Y 22 |
| 280610000 | Аталған өндіріске тән қышқылдар мен қоспалар, пісіру және метиз цехтарында өңделген, күйдірілген ерітінділер | Y 34 |
| 281520 | Осы өндіріске тән қышқылдар мен қышқылдар араласқан ерітінділер (күйдіру, майдан айыру, т.с.с.) | Y 35 |
| 3808 | Өсімдіктерді қорғау және оларды зиянкестерден қорғаудың құралдары (қолданудан шыққан) | Y 45 |
| 3808 | Өсімдіктерді өңдеу және зиянкестерден қорғау құралдары өндірісінің қалдықтары | Y 45 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 271390 | Қышқылданған қара смола, қара май | Y 11 | RA 020 |
| 271390 | Қара майланған күкірт қышқылы бар майларды тазартатын гудрон қышқылы | Y 11 | |
| 271390 | Күкірт қышқылы, ауыр органикалық сульфонат тұнбасы өндірісінің гудрон қышқылы (сульфонатталған ақ майлар) | Y 11 | |
| 271390 | Күкірт қышқылы, хош иісті қосылымдар, сульфат қышқылдары бар хош иісті көмір сутектерін тазартудан шыққан гудрон қышқылы | Y 11 | |
| 271390 | Күкірт қышқылы, органикалық қосылыстар бар балауызды таратудан шыққан гудрон қышқылы | Y 11 | |
| 271390 | Коксхимия өндірісінің бензолды ректификаттау цехының сульфат бөлшектеуден шыққан қышқыл қарамай | Y 11 | |
| 2902 | Қышқыл қарамайды өңдеуден шыққан қалдықтар | Y 11 | RA 020 |
| 2912 | Кокс және газ зауыттарының шламдары | | |
| 270600000 | Фенолды қарамайлы фустар (өңдеу қалдықтары) | Y 39 | |
| 381111100 | Тетраэтилқорғасынды шламдар (антидетонациялық | Y 31 | RC 030 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құрылғылар) | | |
| 285000 | Арсин мен фосфин аралас сорбенттер | Y 24 | |
| 293219000 | Полихлорланған дибензофуран және басқа да соған ұқсас қосылымдар | Y 31 | RC 010 |
| 293490 | Полихлорланған дибензодиоксин (диоксин) және өзге де соған ұқсас қосылымдар | Y 44 | RC 020 |
| 2903 | Бромсутекті қышқыл өндірісіндегі фторорганикалық қосылымдардың қалдықтары | Y 45 | |
| 290369 | Полихлорланған бифенилдер, терфенилдер, полибромдалған бифенилдер, олармен ласталған сұйымтар немесе еріткіштер, сондай-ақ солар құрамында бар заттар мен бұйымдар (50 мг/кг және одан көп концентрациясында) | Y 10 | RC 010 |
| 2903 | Хлорорганикалық қышқылдар өндірісінің қалдықтары | Y 45 | |
| 2903 | Броморганикалық синтез осмолдары | Y 45 | |
| 2912 | Фтальді ангидрид өндірісінің осмолдары | Y 12 | |

| | | |
|---|---|---|
| 901831<br>901 832<br>7017<br>560110 | Емдеу мекемелерінде (ауруханаларда, емханаларда және өзге де сол сияқты мекемелерде) науқастарды дәрігерлік күтудің нәтижесінде алынған медициналық қалдықтар | Y 1 |
| 2930 | Фармакологиялық өнімдер өндірісінің қалдықтары | Y 2 |
| 2936<br>2937<br>2941<br>3001-3006 | Пайдалану мерзімі өтіп кеткен дәрі-дәрмектер және дәрілік заттар | Y 3 |
| 2939 | Өндіріс қалдықтары және фитофармацевтік заттарды қолдану | Y 4 |
| 270600000 | Өндіріс қалдықтары және ағаш консерванттарын қолдану | Y 5 |
| 2902<br>2903<br>2905-2909 | Өндіріс қалдықтары және органикалық еріткіштерді | Y 6 |
| 2710 | Қолданылған минералдық майлар | Y 8 |
| | Ғылыми-зерттеу жұмыстардың барысында немесе оқу процесінде алынған және/немесе осы кезеңде жаңа болған, адамға және/немесе қоршаған ортаға әсері анықталмаған, қажетсіз химиялық заттар | Y 14 |

* Тауардың қалдықтар тізбесіне жатқызылуы СЭҚ ТН бойынша коды, сондай-ақ аталуымен (физикалық және химиялық сипаттарымен) айқындалады.

** Мұнда және бұдан әрі Экономикалық ынтымақтастық пен даму қоғамдарының коды екі әріптен тұрады, одан кейін нөмірі қойылады. Бірінші әріп - тізімді: G(Green) - жасыл; V(Vellow) - сары; R(Red) - қызыл; екіншісі олардың санатын білдіреді.

Кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумағы арқылы жүкті алып өтудің бірыңғай ережелері туралы Келісімге

N 2 қосымша

**Қауіпті қалдықтардың, реттелуге жататын көлікшекаралық тасымалдаудың ТІЗІМДЕМЕСІ**

| СЭҚ ТН бойынша қалдық түрлерінің коды | Қалдық түрінің аталуы | Базель Конвенциясының Сыныптамасы бойынша қалдық түрінің коды | Экономикалық Ынтымақтастық Және даму ұйымының сыныптамасы бойынша қалдық түрінің коды |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 0501 00 000 | Адам шашының қалдықтары | | GO 010* |
| 0502 | Қылдардың қалдықтары | | GN 010 |
| 0503 00 000 | Жылқы қылының қалдықтары | | GN 020 |
| 0505 90 000 | Құс қауырсындарының қалдықтары | | GN 030 |

| | | |
|---|---|---|
| 0506 90 000 | Жануарлар сүйектері мен мүйіздерінің қалдықтары | GM 100 |
| 051191 | Балықты және басқа теңіз өнімдерін өңдеудің қалдықтары | GM 010 |
| 1522 00 | Дегра; майлы заттарды немесе хайуанат балауыздарын өңдеуден шыққан соңғы қалдықтары | GD 020 |
| 2525 30 000 | Слюда қалдықтары | GD 030 |
| 2529 30 000 | Лейциттің, нефелиннің немесе нефелин сиенитінің қалдықтары | GD 040 |
| 2529 10 000 | Дала шпатының қалдықтары | GD 050 |
| 2618 00 000 | Шойын және болат өндірісі кезінде пайда болатын түйіршіктелген шлак | GD 060 |
| 2619 000 | Вагран шлактары | YA 010 |
| 2619 00 | Электропеш | GC 070 |
| 2619 00 | Домна шлактары | |
| 2619 00 | Конвертер шлактары | |
| 2619 00 | Өзге де болат құю шлактары | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2619 00 | Болат құю өндірісінің суындысы | | |
| 2619 00 | Болат құю шламдары | | |
| 2619 00 | Прокаттан шығатын шламдар | | |
| 2619 00 | Құюдан шығатын шламдар | | |
| 2620 11 000 | Гарцинк (мырыш-темір құймасы) | Y23 | GB 010 |
| 2620 19 000 | Мырыш шлактары | Y23 | GB 025 |
| 2620 19 000 | Мырыш шламы | Y23 | |
| 2620 20 000 | Қорғасын алымы | Y31 | YA 030 |
| 2620 20 000 | Қорғасын күйігі | Y31 | |
| 2620 20 000 | Қорғасын шламы | Y31 | |
| 2620 90 | Өзге де металл шламдары | | YA 040 |
| 2620 40 000 | Алюминий бар жеңіл металдың алымы | | YA 050 |
| 2620 40 000 | Алюминий бар тұзды шлактар | | |
| 2620 50 000 | Котелдарды тазарту қалдықтары | | YA 060 |
| 2620 90 | Магнилі жеңіл металдың алымдары | | YA 070 |
| 2620 90 | Магнилі, тұзды шлактар | | |
| 2620 90 | Магний оксидінің шламы | | |
| 2837 | Цианды бекітетін (шыңдайтын) ванналардан | Y7 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шығатын шлам | | |
| 2805 40 90 | Сынапты қалдықтар | Y29 | |
| | Графиттегі сынап | | |
| | Белсенді көмірдегі сынап | | |
| 2621 00 000 | Көмір күлі | | GG 030 |
| 2621 00 000 | Котел шлактары | | GG 030 |
| 2621 00 000 | Дәстүрлі отынмен жұмыс істейтін жағу агрегаттарының түтін ұстағыш қондырғысынан шығатын тұзды, қатты қалдықтар (реактивтік гипссіз) | Y 18 | |
| 262100000 | Ұшатын күлдер және жағу қондырғыларының шаңы | Y 18 | GG 040 |
| 262100000 | Балқыма электролизінен шығатын шлактар | | YB 010 |
| 262100000 | Қалдықтарды өртейтін қондырғыдан шығатын ұшатын күлдер мен шаңда | | |
| 262100000 | Пиролиз қондырғыларының шлактары мен күлдері | Y11 | |
| 262100000 | Темірі көп (20%-тен жоғары) және өнеркәсіптік стандартқа сәйкес өңделген химиялық тұрақтандырылған мыс | | GG 080 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өндірісінен шығатын шлактар | | |
| 262100000 | Жербалшық өндірісінен шығатын нейтралданған қызыл саз | | GG 110 |
| 2713 90 | Коксхимиялық және газ зауыттарының шламдары | | YC 010 |
| 2803 00 | Активтендірілген (пайдаланылған) көмір | | GG 060 |
| 2804 50 | Телдурлы қалдықтар | Y 28 | GA 410 |
| 280480000 | Мышьякты қалдықтар | Y 24 | YA 090 |
| 280400000 | Селенді қалдықтар | Y 25 | GA 400 |
| 281122000 | Құю өндірісінде пайдаланудан басқа қатты түрдегі кремнезем қалдықтары | | GD 070 |
| 2844 30 | Торий қалдықтары және сынығы | | GA 390 |
| 310320000 | Фосфат тыңайтқыштары және басқалар үшін жарамды шойын мен болат өндірісі кезінде пайда болатын негізгі шлак | | GG 070 |
| 3912 20 | Целлюлозаны (нитроцеллюлозаны) өңдеуден шығатын қалдықтар | | HC 100 |
| 3915 | Пластмассалардың | | GH 010 |
| 39151 0000 | Полиэтиленнің | | GH 011 |

| | | |
|---|---|---|
| 391520000 | Полистиролдың, полистирол көпіршігінің өз базасындағы | GH 012 |
| 391530000 | Поливинил хлоридтің және пенопластың | GG 013 |
| 3915 90 | Целлюлоидтің, Фото-кинопленканың | GH 014 |
| 3915 90<br>3915 90 | Полиуретанның<br>полиэтилентерефталатасының Пленкасы | |
| | | |
| | | |
| 3915 90 | Полиамид поликорбанаттарының полиуретан көпіршігінің, Полиакрилаттардың | |
| 3915 90 | Оргшынының | |
| 3915 90 | Поливинилацетаттың | |
| 3915 90 | Поливинил спиртінің | |
| 3915 90 | Полиолефиннің | |
| 3915 90 | Полипрофиленнің | |
| 3915 90 | Фторлы пластмассалардың | Y 45 |
| 3915 90 | Акрилонитрилдің сополимері | |
| 3915 90 | Бутадиеннің сополимері | |
| 3915 90 | Стиролдың сополимері | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3915 90<br>3915 90<br>3915 90<br>3915 90 | Полибутилентерефталаттың<br>Полисилоксаланның<br>Полиэтиленсульфиді<br>Подлиметилметкрилатаның<br>Поливинилбутиролдың<br>(силикон) | | |
| 3915 90 | | | |
| 3915 90 | Фенолформальдегид және мелафинформальдегид қарамайлары | Y 13 | GH 015 |
| 3915 90 | Эпоксид қарамайлары | | |
| 3915 90 | Карбамидформальдегид қарамайлары | | |
| 3915 90 | Алкид қарамайлары | | |
| 400400000 | Резина қалдықтары және қиындылары | | GK 010 |
| 400400000 | Басқа да пайдаланылған резина-техникалық бұйымдар | | GK 010 |
| 4012 20 | Ескі шиналар, тозған камералар | | GK 020 |
| 401390900 | Покрышкалар | | |
| 4017 00 | Қатты резинаның қалдықтары мен сынықтары | | GK 030 |
| 411000000 | Тері кәсіпорындарының ағын суын тазартудан шығатын шлам | | YC 180 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 411000000 | Шикізат қатпаршағы | | |
| 411000000 | қырқынды кесінділер | | |
| 411000000 | Хромдалған және теріс айналдырылған тері жартылай фабрикаттардың шеткі бөліктерінен шығатын кесінділер | | |
| 5505 | Жасанды талшықтар қалдықтары: | | GJ 110 |
| 5505 10 000 | Полиамидтің | | GJ 111 |
| 5505 10 300 | Полиэфирдің | | |
| 5505 10 500 | Полиакрилдердің | | |
| 55020000 | Целлюлоздық | | GJ 112 |
| 7001 00 | Шамдар, кинескоптар мен өзге де ерекше қоспалары бар бұйымдар өндірісінен шығатын шынының қалдықтары | | YB 040 |
| 780200000 | Қорғасынды қалдықтар | Y 31 | GA 150 |
| 790200000 | Мырышты қалдықтар | Y 23 | GA 160 |
| 800200000 | Қалайы қалдықтары | | GA 170 |
| 810191900 | Вольфрамды қалдықтар | | GA 180 |
| 810291900 | Молибденді қалдықтар | | GA 190 |
| 810310900 | Танталды қалдықтар | | GA 200 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 810420000 | Магнилі қалдықтар | | GA 210 |
| 810510900 | Кобальтті қалдықтар | | GA 220 |
| 810600100 | Висмутты қалдықтар | | GA 230 |
| 810710900 | Кадмилі қалдықтар | Y 26 | GA 240 |
| 810810900 | Титанды қалдықтар | | GA 250 |
| 810910900 | Цирконилді қалдықтар | | GA 260 |
| 811000190 | Сүрме қалдықтары | Y 27 | GA 270 |
| 811100190 | Марганецті қалдықтар | | GA 280 |
| 811211900 | Берилийдің қалдықтары мен сынықтары | Y 20 | GA 290 |
| 811220390 | Хромды қалдықтар | Y 21 | GA 300 |
| 811230400 | Германий қалдықтары мен сынықтары | | GA 310 |
| 811240190 | Ванадий қалдықтары | | GA 310 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК